

## 2012 жылы Байзақ ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 1 шешімі. Байзақ аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 7 наурызда № 6-2-138 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы негізінде, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабы 3 тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 36 бабына және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы № 371 Қ а у л ы с ы н а с ә й к е с

**ШЕШІМ**

**ЕТТІ:**

1. «Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ. Мұсабековке (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында Байзақ ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін т і р к е у ж ү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

2. Ауылдық округ әкімдері, «Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп , тіркеу жүргізу учаскесіне 1995 жылғы жасөспірімдерді тіркеуге келуін қамтамасыз е т с і н .

3. «Байзақ ауданы әкімдігінің білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1995 жылғы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Байзақ аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері Р.Сапарбековке (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін «Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44

қаулысында айқындалған тәртіппен азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу  
ұ с ы н ы л с ы н .

5. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысы Байзақ ауданы  
ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Т.Абдезовке (келісім бойынша),  
әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз  
күзіреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешім орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қадірбек  
Рысқұлбекұлы Садубаевқа жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне  
енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 4 қаңтарынан пайда болған қатынастарға  
т а р а л а д ы .

*Аудан әкімі*

*М.Шүкеев*

« К Е Л І С І Л Д І »

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасының Байзақ аудандық орталық аурухана»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы Мемлекеттік  
Коммуналдық кәсіпорынның бас дәрігері

Р . С а п а р б е к о в

02 ақпан 2012 ж.

«Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ . М ұ с а б е к о в

02 ақпан 2012 ж.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
Жамбыл облысы Байзақ ауданы Ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

А . Т . А б д е з о в

02 ақпан 2012 ж.